Magjan juldyzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті ● 2008 жылдың 11 шілдесінен шығады ● № 3 (802) 18 қаңтар 2024 жыл

www.facebook.com/ Magzhan zhuldizi https://vk.com/ Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПРЕЗИДЕНТ

# РИМГЕ АПАРАР ЖОЛ: ТОҚАЕВТЫҢ ИТАЛИЯҒА САПАРЫНАН НЕ КҮТЕМІЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы алғашқы сапарын Еуропадан бастайды. Ол 18-19 қаңтарда Италияға және әлемдегі ең кішкентай мемлекет Ватиканға барады. Президенттің ресми сапарынан не күтеміз және бұған дейін мемлекеттер арасында қандай қарым-қатынас болды? Толығырақ сарапшымыздың шолуынан оқыңыз.



## 2024 ЖЫЛҒЫ АЛҒАШҚЫ РЕСМИ САПАР

Қасым-Жомарт Тоқаев сапарының бірінші күнінде Италия Президенті Серджо Маттарелла және премьер-министрі Джорджа Мелонимен жүздеседі. Сонымен қатар, италиялық бизнес өкілдерімен кездесіп, екіжақты сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықтың келешегін талқылайды.

Осы уақытқа дейін Қазақстан Президенті Италияның қазіргі көшбасшыларымен ресми кездеспеген. Мемлекеттердің бұрынғы басшылары кездескен және сапар шеккен.

Былтыр 23 мамырда премьер Джорджа Мелони Қасым-Жомарт Тоқаевқа қоңырау шалып, тараптар саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту перспективаларын талқылаған. Сонымен қатар, энергетика, көлік, өнеркәсіп кооперациясы және ауыл шаруашылығы салаларындағы жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қатысты мәселелер қаралған.

## ИТАЛИЯҒА ҚЫСҚАША ТОҚТАЛСАҚ...

Италия – унитарлы парламенттік республика. Мемлекет басшысы – президент. Атқарушы билік пен Үкіметті Италия министрлер кеңесінің төрағасы басқарады. Заң шығарушы билік – 5 жылға сайланатын екі палаталы парламент.

Италия президенті – Серджо Маттарелла. 2022 жылдың шілдесінде саяси дағдарысқа байланысты Италия үкіметі отставкаға кетті. 2022 жылдың қыркүйегінде елде кезектен тыс парламент сайлауы өтті. Нәтижесінде Джорджа Мелони жетекшілік ететін «Италия бауырлары» партиясы Сенатта да, депутаттар палатасында да айтарлықтай көп дауыс жинады. Оңшыл күштердің жеңісі Италияда 1945 жылдан бері бірінші оңшыл үкіметті құруға мүмкіндік берді.

## ДЖОРДЖА МЕЛОНИ КІМ?

Сөйтіп, Джорджа Мелони 2022 жылғы 22 қазаннан бері Италияның үкімет басшысы қызметіне келді және ел тарихындағы алғашқы әйел премьер-министр болды.

Ол 1977 жылы туған. Саясатқа мектеп қабырғасында жүрген кезінен араласа бастаған. Мелони 15 жасында неофашистік италиялық әлеуметтік қозғалыс атанған «Жастар майданы» ұйымының мүшесі болды. Кейін оңшыл радикалды студенттік қауымдастық «Ұлттық альянсты» басқарды. Ал 2006 жылы Италия парламентінің депутаттар палатасына сайланды. 2008 жылы 31 жастағы Мелони Сильвио Берлускони Үкіметіндегі Жастар және спорт министрлігіне басшылық етіп, Италия тарихындағы ең жас министр болды.

Демек, Джорджа Мелони премьер болғанға дейін бірнеше лауазымды қызмет атқарған және оның көзқарастарына келсек, бүгінде ЕО-ны еркін экономикалық одаққа айналдыру процесінде Италия көшбасшы бола алады деп үміттенеді. Сарапшылардың айтуынша, Джорджа Мелони өзінің уақыты келгеніне сенімді.

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ РЕСМИ САПАРЫНАН НЕ КҮТЕМІЗ?

Ақорданың баспасөз қызметі Президент «Қазақстан-Италия» инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысып, бірқатар ірі компания басшыларымен кездесуді жоспарлағанын хабарлады. Сондықтан Италия өнеркәсібінің ЕО-дағы жетекші позицияларын ескере отырып, Қазақстан мен Италия арасындағы сауда-экономикалық және инвестициялық қатынастар Мемлекет басшысының италиялық бизнес өкілдерімен (ENI, Bonifiche Ferraresi, Cassa Depositie, Prestiti және т.б.) кездесуінің маңызды бөлігі болады деп күтіледі.

ҚР Сыртқы істер министрлігі Мемлекет басшысы талқылайтын салаларды тарқатып келтірді: Президент энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы және ақпараттық технологиялар саласындағы жаңа бағыттарды анықтау, екіжақты ынтымақтастықты арттыру бойынша қазақстандық бастамаларды ілгерілету (агробизнес, сирек металдар, ТМТМ, жасыл энергетика және тамақ өнеркәсібі, мұнай қызметтері) бойынша келіссөздер жүргізеді.

## ИТАЛИЯ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ ІРІ ҮШ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСІНІҢ БІРІ

Италия – Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатындағы басымдық беретін, маңызды бағыты және стратегиялық серіктесі.

Мемлекеттер арасында дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылғы 21 тамызда орнады. 1992 жылдың қазанында Қазақстанда Италия елшілігі, ал 1996 жылы Италияда Қазақстан Республикасының елшілігі ашылды. 2009 жылы Италия мен Қазақстан арасында мемлекетаралық стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойылды.

Екі ел арасындағы 30 жылдан астам дипломатиялық қарым-қатынастар барысында сындарлы саяси өзара іс-қимыл жолға қойылды, өнеркәсіп-экономикалық ынтымақтастық және алмасу жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобы құрылды.

Мемлекеттердің басшылары және премьер-министрлері, лауазымды тұлғалары екі тарапқа бірнеше рет сапармен барып, дипломатиялық қарым-қатынас қарқынды дамып келеді.

Сондай-ақ, 2019 жылы Италия Орталық Азиядағы 1+5 үйлестіру бастамасын бастады, оған Қазақстан да қатысып, айтарлықтай үлес қосып жатыр.

Тауар айналымы бойынша 2022 жылғы сыртқы сауда айналымының жалпы көлемінде 11,5%-дан астам үлесімен Ресей Федерациясы және Қытайдан кейін үшінші орында.

Ал, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше Қазақстанда Италияның қатысуы бар 303 компания тіркелген (2023 жылдың қазанындағы деректер). Негізінен кәсіпорындар құрылыс, сауда және ғылыми-техникалық қызмет салаларымен айналысады. Энергетика саласында Қазақстанның мұнай-газ саласындағы ең ірі серіктесі – Eni S.p.A.

ENI – мұнай мен газды барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеу және өткізу сияқты салаларда дамуды мақсат ететін ірі интеграцияланған энергетикалық компания. Әлемнің 79 елінде 80 мың адамды жұмыспен қамтиды.

Ал Қазақстанда компания 1992 жылдан бері жұмыс істейді. Негізгі қызмет Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ кен орнында және Солтүстік Каспийдің таяз суларында Солтүстік Каспий ӨБК кен орнында жүзеге асырылады.

Айта кетейік, Қазақстаннан Италияға 2023 жылғы қаңтардан қазанға дейін 11,8 миллиард долларға 20,1 миллиард тонна шикі мұнай мен шикі мұнай өнімдерін экспортталды.

Айта кетейік, былтыр Қазақстан Премьер-министрі Әлихан Смайылов елімізге ресми сапармен келген Италия Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары – сыртқы істер және халықаралық ынтымақтастық министрі Антонио Таянимен кездескен. Сол кезде Қазақстан Италияға жалпы құны $900 млн болатын 110 тауар позициясы бойынша өнім экспортын арттыруға дайын екені белгілі болған.

## МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Білім беру саласында қазақстандық және италиялық жоғары оқу орындары арасында 30-дан астам келісімдер жасалды, соның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Римнің Сапиенца университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті және Неапольдегі Салерно және Сан-Пьетро а-Мажелла мемлекеттік консерваториялары арасында байланыс орнатылған. Студенттік алмасу бағдарламалары бойынша белсенді ынтымақтастық жалғасып келеді (Сапиенца, Салерно, Касино, Неаполь және Феррара университеттері).

Сондай-ақ, былтыр 30 қарашада Алматыда Орталық Азиядағы жалғыз Италия мәдениеті институты ашылды. Ал, қазанда Өскемендегі Аманжолов атындағы университет базасында Генуя университетінің филиалын ашу туралы келісімге қол қойылды. Қазақстандық студенттер италиялық университеттің филиалында білім алып, қос диплом ала алады.

Сонымен қатар, 2023 жылғы қазанда жарық көрген «Қазақстан. Шексіз кеңістік, шексіз сұлулық» нұсқаулық итальян тіліндегі маңызды мәдени және имидждік жобалардың біріне айналды.

## «2050 ЖЫЛҒА ДЕЙІН БІРГЕ»

Айта кетейік, екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығына орай Италияның Қазақстандағы елшілігі «2050 жылға дейін бірге» бағдарламасын жариялады. Бұл туралы Италияның Қазақстандағы Елшісі Марко Альберти Kazinform тілшісіне берген сұхбатында толығырақ тоқталған еді.

Бағдарламаның атауының өзі – біздің байланысымыздың келесі аралық есеп беретін кезеңді, ал «бірге» сөзі – оған жету жолы екенін білдіреді. Біз іс-шаралар мен жобаларды біріктіру принципіне негізделген бастамалардың кешенді бағдарламасын әзірлеу және құрылымдауды шештік. Жобалар ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа бағытталған. Біз үш негізгі қозғаушы күш – ынтымақтастық, инновация және білім бойынша күш біріктіруге тырыстық, – деген болатын дипломат.

Қорыта айтсақ, Италияның ауыл шаруашылығы өнімдерін ірі әлемдік өндіруші (шарап өндірісі бойынша 1-орын, зәйтүн майы өндірісі бойынша 2-ші және ірімшік өндірісі бойынша 4-ші орын) ретіндегі жетекші позициясын ескере отырып, мемлекеттер арасындағы агроазық-түлік секторындағы ынтымақтастықтың келешегі жақсы болады деген болжам бар.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының Италияға сапары екіжақты әріптестіктің жаңа өзара тиімділігін кеңейтуге қосымша серпін беріп, сауда-экономика және инвестиция салаларындағы өзара іс-қимыл аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

## ВАТИКАНҒА САПАР

Италиядан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ватиканда Рим Папасы Францискпен кездеседі.

Бұған дейін 2022 жылдың қыркүйегінде Рим Папасы Франциск Қазақстанға келіп, Астанада өткен Әлемдік діндер мен дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысқан.

Жалпы осы уақытқа дейін Рим Папасы Қазақстанға екі рет келді: 2001 жылы тәуелсіз Қазақстанға 10 жыл толғанда алғаш рет Рим Папасы Иоанн Павел II елімізге келсе, екінші рет жоғарыда айтылған Францисктің 2022 жылғы сапары болды.

ҚазАқпарат.

КӨШІ-ҚОН

# ОБЛЫСҚА 3 МЫҢ АЗАМАТ ҚОНЫС АУДАРМАҚ

***Солтүстік Қазақстан облысына соңғы сегіз жылда 14 мыңнан астам адам қоныс аударған. Алайда көшіп келгендердің мыңнан астамы жаңа мекенге үйренісе алмай кері қайтқан.***

СҚО - тұрғындар саны аз өңірлердің қатарында. Статистикаға сүйенсек, 2023 жылдың 1 желтоқсанында халық саны 530,7 адам болған. Қаңтар-қараша аралығында 5151 нәресте дүниеге келсе, бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,1 % төмен. Әр бесінші тұрғын - зейнеткер. Бұл мәселені шешудің бір жолы - ішкі көші-қон, халқы тығыз орналасқан өңір тұрғындарын солтүстікке көшіру. Биыл осы мақсатқа республикалық қазынадан 3,3 млрд теңге бөлініп отыр. Қоныстандыру «Қуатты өңірлер – елді дамытудың драйвері» ұлттық жобасы аясында жүзеге асады.

«Бүгінгі күні өткен жылғы жоспар 100 % орындалды. 2023 жылы 2460 адам қоныс аударды. 265 адам қандас басқа мемлекеттерден көшіп келді. Оларға 1 млрд 200 млн астам теңге қаражат бөлінді.

Биыл жұмыс күші басым өңірлерден 2 702 адамды және 207 қандасты қарсы алуға дайынбыз. Оларды 176 елді мекенге орналастырамыз. Бұл ауылдарда көшіп келушілерге бар жағдай жасалған, яғни жұмыс күші керек», - дейді СҚО еңбек мобильдігі орталығының директоры Аман Төрегелдин.

2016 жылдан бастап облысқа еңбек күші артық өңірлерден 14 мыңнан астам адам көшіп келген. Қоныс аударушыларды материалдық жағынан қолдауға республикалық бюджеттен 11 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. Бұл бағдарлама аясында қоныс аударушыларға техникалық және кәсіптік білім алу үшін оқытуға жіберу, жұмысқа орналасуға және кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу сынды көмек түрлері қарастырылған. Яғни, көшуге материалдық көмек бір рет, отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде беріледі.

Сонымен қатар тұрғын үйді жалдау және коммуналдық қызметтерді төлеу бойынша шығындарды өтеуге қаржылай көмек ай сайын, отбасы құрамына байланысты жыл бойы 15-30 АЕК мөлшерінде төленеді.

# ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ: НЕЛЕРДІ БІЛУ ҚАЖЕТ




Бүгінгі таңда Қазақстанда сақтандырудың 26 ерікті сыныбы бар, олардың шеңберінде сақтандырушылар көптеген ерікті сақтандыру өнімдерін ұсынады. Мысалы, міндетті автосақтандыруға қосымша ретінде аварияға кінәлі адамның өз автокөлігін зақымданудан ерікті сақтандыруды, міндетті сақтандыру шеңберінде шекті сомадан тыс қосымша өтеуді, біреудің бейқамдылығынан қорғауды (аварияға кінәлі адамда сақтандыруы болмаған кезде) және т.б. сатып алуға болады. Әрине, сақтандыру қорғаумен неғұрлым көп тәуекелдер қорғалатын болса, сақтандыру соғұрлым қымбат болады.

Fingramota.kz-пен бірлесіп ерікті сақтандырудың негізгі артықшылықтарын қарастырайық.

Қазақстандықтардың басым көпшілігі сақтандыруды, ең алдымен, автокөлік иесінің жол үстіндегі жауапкершілігі сақтандырылатын көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырумен (бұдан әрі – ҚҚИ АҚЖМС) байланыстырады. Бұл ретте жол-көлік оқиғасын жасағаны үшін кінәлі автокөлік иесі іс жүзінде зардап шеккен адамға ақша төлеуден басқа, өз көлігін зақымданудан қалпына келтіруге мәжбүр болады. Сонымен қатар, апат салдарынан үшінші тұлғаларға келтірілген залал мөлшері сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің заңда көзделген шекті көлемінен асып кетуі мүмкін. Осындай жағдайларда ерікті сақтандырудың пайдасы болады.

Ерікті сақтандыру – бұл тараптардың ерік білдіруіне байланысты жүзеге асырылатын сақтандыру. Бұл сақтандыру шартының тараптары оны ҚҚИ АҚЖМС жағдайындағы заң талаптарына байланысты емес, өз еркімен жасасады дегенді білдіреді.

Клиент сақтандырудың қажеттілігін өзі шешеді. Бұл сақтандырушыларға нақты клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыратын стандартты емес жеке өнімдер жасауға мүмкіндік береді.

Өз кезегінде, сақтандырушы клиентке ерікті сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы. Кез келген мәмілені жасасу кезіндегі сияқты тараптардың сақтандыру шартының талаптарын өзара келісу процесі маңызды болып табылады. Сақтандыру шартын жасаса отырып, сақтандырушы клиент төлеген сақтандыру сыйлықақысының орнына оған сақтандыру қорғауды ұсынады. Сақтандыру талаптарын келісу кезінде клиентке сақтандыру нақты қандай тәуекелді талап ететінін білу маңызды, сондай- ақ, егер сақтандыру нысаны мүлік болып табылса, сақтандыру нысанының жай - күйі туралы, егер үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру көзделген жағдайда - ықтимал және ілеспе тәуекелдер туралы егжей-тегжейлі ақпаратқа ие болуы қажет. Мысалы, мүлікті ерікті сақтандыру жағдайында оның құны және техникалық жағдайы туралы ақпарат болуы керек. Бұл ақпарат сақтандырушының өз тәуекелдерін (болашақ міндеттемелерін) мониторингтеу үшін қажет, себебі сақтандыру шартын жасасу тәуекелдерді клиенттен (сақтанушыдан) сақтандырушыға беруді білдіреді.

Сондықтан, сақтандыруға, мысалы, пәтерді өрттен сақтандыруға өтінім алу кезінде сақтандырушы пәтердің құнын бағалауды, өртке қарсы қауіпсіздік жүйелеріне техникалық сараптама жүргізеді және шартқа белгілі бір тәуекел санатын береді, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде ықтимал зиян мөлшерін есептеуді жүзеге асырады. Алынған ақпарат негізінде сақтандырушы осы мүлікті сақтандыруға қатысты сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін белгілейді.

Біздің елімізде ерікті сақтандыру қарқынды дамып келеді. Ағымдағы жылдың 11 айында ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықақылары 849,6 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 34%- ға артық. Ерікті сақтандыруда ең көп үлес өмірді сақтандыруға (23%) келеді, мүлікті сақтандыру (21%), зейнетақылық аннуитеттік сақтандыру (13%) және автомобиль көлігін сақтандыру (13%) сыныптары алады.

Ерікті сақтандыру шартының маңызды талаптары шартта қамтылатын сақтандыру тәуекелдері мен оқиғаларының тізбесі, сондай-ақ сақтандыруға жатпайтын жағдайлар мен ерекшеліктер болып табылады. Сондай-ақ, шартта сақтандыру жағдайының басталуына (суброгация) жауапты тұлғаға талап ету құқығының сақтандырушыға ауысуы көзделуі мүмкін.

Суброгация сақтандырушы төлемді жүзеге асырғаннан кейін сақтанушының құқықтары мен шығындарға жауапты үшінші тұлғаларға қойылуы мүмкін талаптарға құқық алуын көздейді. Бұл қағида зиян үшін шынымен жауапты тараптардың бірінің өз әрекеттері үшін қаржылық жауапкершіліктен бұлтармауына ықпал етеді.

Сонымен қатар, сақтандыру шартында франшиза түрінде есептен шығару көзделуі мүмкін.

Франшиза — бұл сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден асатын шығынды өтеуден босату. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болады. Шартты франшиза кезінде сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын шығынды өтеуден босатылады, алайда оның мөлшері бұл сомадан көп болса, шығынды толық өтеуі тиіс. Шартсыз франшиза кезінде шығын барлық жағдайда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі.

Франшиза клиенттің шығындар үшін өзіндік жауапкершілік үлесін білдіреді.

Сақтандыру шартында 50 000 теңге мөлшерінде шартсыз франшиза көзделген делік. Егер 300 000 теңге мөлшерінде шығындары бар сақтандыру жағдайы орын алса, сақтандыру компаниясы франшизаны шегере отырып, 250 000 теңге мөлшерінде төлем жүзеге асырады.

Сақтандыру шартында франшизаның бар болуы сақтандыру құнына әсер етеді: франшиза неғұрлым жоғары болса, сақтандыру құны соғұрлым төмен болады.

Шарт сондай-ақ төлемді жүзеге асыру үшін құжаттардың тізбесін және оны жүзеге асырудың нақты мерзімдерін қамтуы тиіс. Сақтандырудың әр түрі кезінде сақтандырушы сақтандыру оқиғасын қарау үшін қажетті түрлі құжаттарды айқындауы мүмкін.

Клиент барлық осындай талаптарға шартты келісу кезінде назар аударуы қажет. Сақтандыру төлемі қандай тәуекелдерді өтейтінін және қандай сақтандыру оқиғалары болған кезде компания төлем жүзеге асыратынын түсіну маңызды. Шарттағы кез келген даулы және екіұшты тұжырымдар болашақта сақтандыру төлемін алу үшін кедергі болуы мүмкін. Ерікті сақтандыру шартын шарттың екі тарабы да келісуі қажет және клиенттер ескертулер енгізуге және ҚР заңнамасына қайшы келмесе, оның талаптарын өзгертуге құқылы.

Қорытындылай келе, ерікті сақтандыру полисі сақтанушыға өзі және оның отбасы үшін сенімділік береді әрі қаржылай қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ жақындары үшін материалдық қолдау көрсетеді, бұл өмірде маңызды тірек болып табылады. Алайды ерікті сақтандыру шартын жасай отырып, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алу үшін өз құқықтарыңыз бен әрекет ету тәртібін білу үшін оның барлық талабын мұқият зерделеу қажет.

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.**

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҚҚАНҒА ДЕЙІН АЛУ: БАРЛЫҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ТУРАЛЫ

**Ресми түрде құрметті демалысқа шықпай-ақ зейнетақы төлемдерін алуға болады! Мұндай мүмкіндікті зейнетақы аннуитеті беріп отыр. Fingramota.kz сақтандыру құралының осы түрі жайында жан-жақты айтып береді.**




## ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ДЕГЕН НЕ?

Бұл – зейнетақы жинақтары жеткілікті болған жағдайда азаматтарға зейнетақыны мерзімінен бұрын алуға мүмкіндік беретін сақтандыру өнімі. Зейнетақы аннуитеті шарттарын жасасу жөніндегі қызметтерді «өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары көрсетеді. Бүгінгі таңда нарықта осындай 8 ұйым жұмыс істейді.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы азамат 55 жасқа толғаннан кейін өмір бойы кепілдік берілген кіріс алу құқығына ие болады. Өз кезегінде, сақтандыру ұйымы мұндай шартты жасай отырып, клиентіне өмір бойы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеттемелерін өзіне алады.

2021 жылы Заңмен сақтандыру ұйымынан төленетін ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшері азайтылды. Бүгінгі күні ол зейнетақы аннуитеті шартын жасасу күні қолданыста болған ең төмен күнкөріс деңгейі (ЕТК) шамасының 70%-ын құрайды. Соған байланысты зейнетақы аннуитеті шартының құны да 40%-ға азайтылды. Бүгінгі күні стандартты зейнетақы аннуитеті шартының құны 55 жастағы ерлер үшін 7 млн теңгені, ал осындай жастағы әйелдер үшін 8,5 млн теңгені құрайды.

Агенттік азаматтар үшін осы өнімнің тартымдылығын және кірістілігін арттыру үшін зейнетақы аннуитеті шартының өлшемдерін де қайта қарады. Сақтандыру төлемдерін индекстеу мөлшері 5%-дан 7%-ға дейін ұлғайтылды. Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша кірістіліктің ең төмен мөлшерлемесі 7%-дан 9%-ға дейін ұлғайтылды. Мүгедектігі бар адамдар мен зиянды еңбекпен айналысатын қызметкерлер үшін зейнетақы аннуитеті шартының құнын есептеу үшін жеке қайтыс болу кестесін қолдану көзделген.

Бүгінгі күні азаматтарға кейінге қалдырылған және бірлескен зейнетақы аннуитеттерін қоса алғанда, зейнетақы аннуитеті шарттарының бірнеше түрін иелену мүмкіндігі беріледі.

## КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН АННУИТЕТ ДЕГЕН НЕ?

Бұл сақтандыру құралы сақтанушыларға шартты 55 жасынан бастап өмір бойы ай сайын төлем алу құқығымен 45 жасынан бастап шарт жасасу мүмкіндігін береді. Мұндай сақтандыру өнімі өз бюджетін алдын ала жоспарлап үйренген және зейнетақы жасына жеткеннен кейін қандай қаражат есебінен өмір сүрем деп ойлайтын адамдарға арналған.

Қаржы нарығындағы мөлшерлемелердің құбылмалылығына қарамастан кепілдік берілген кірістіліктің болуы кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитетінің негізгі артықшылығы болып табылады. Сақтандыру ұйымы сақтанушы сақтандыру төлемдерін ала бастайтын жасқа жеткенге дейін жыл сайын заңнамалық тұрғыдан белгіленген кірістілікке кепілдік береді. Кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан күннен бастап сақтандыру ұйымына берілген қаражат инвестицияланады, болашақта алатын сақтандыру төлемдерінің мөлшері ұлғаяды.

## БІРЛЕСКЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ДЕГЕН НЕ?

Бірлескен зейнетақы аннуитеті зейнетақы аннуитетін сатып алу және өмір бойы тұрақты кіріс алу үшін жақын туыстардың (ерлі-зайыптылардың) зейнетақы жинақтарын біріктіруге мүмкіндік береді. Мысалы, егер ерлі-зайыптылардың бірінің аннуитет сатып алу үшін жинақтаған қаражаты жеткілікті болса, ал екіншісінде ол артық болса, бірлескен аннуитет шартын жасасып, екеуі де өмір бойы төлемдер ала алады.

Бұл ерлі-зайыптылардың біреуінің ғана жалақысы тұрақты, ал екіншісінде түрлі жағдайға байланысты лайықты зейнетақыға қаражаты жетпейтін (мысалы, бала күтіміне байланысты ұзақ уақыт демалыста болуы, үй шаруашылығын жүргізу) отбасылар үшін өте пайдалы сақтандыру өнімі болып табылады.

Ерлі-зайыптылар өмір бойы ай сайынғы сақтандыру төлемдерін, оның ішінде неке бұзылған жағдайда ортақ мөлшері зейнетақы аннуитеті шарты жасалған күні қолданыста болатын ең төмен күнкөріс деңгейінің (ЕТК) 1,4-еселік мөлшерінен төмен болмайтын сақтандыру төлемдерінің кестесінде белгіленген мөлшерде алады.

Ерлі-зайыптылардың біреуі өмірден өткен жағдайда, екіншісі бірлескен зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес кесте бойынша өзінің жеке сақтандыру төлемдерін (ЕТК-ның кемінде 70%-ы) алуын жалғастыра береді.

Бірлескен зейнетақы аннуитетін тек жолдасыңмен не зайыбыңмен ғана емес, сондай-ақ жақын туыстарыңның бірімен алуға болады. Бұл бауырың, ата-анаң, немерелерің, аталарың немесе апаларың болуы мүмкін. Мұндай шарт туысыңды өмір бойғы төлемдермен қамтамасыз етеді.

Зейнетақы аннуитеттерінің жаңа түрлерін сату басталған уақыттан бері азаматтар 41,0 млрд теңге жалпы сомаға кейінге қалдырылған және бірлескен 4 118 зейнетақы аннуитеті шарттарын жасады.

Қазіргі уақытта жалпы сомасы 354,5 млрд теңге болатын қолданыстағы жалпы 68 270 зейнетақы шарты бар.

Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша төлемдерге Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры кепілдік береді. Сақтандыру ұйымы банкрот болған жағдайда оның клиенті зейнетақысыз қалмайды. Төлемдерді таратылып жатқан сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелі берілген басқа сақтандыру ұйымы төлей береді.

## ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІ ШАРТЫН ЖАСАМАС БҰРЫН НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Зейнетақы аннуитеті шартын жасамас бұрын «ойын ережелерін» түсіну керек. Зейнетақы аннуитеті шарты жасалған сақтандыру ұйымын мұндай шарт жасалғаннан кейін екі жылдан соң ғана ауыстыруға болатынын білген жөн.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін де шарт жасалған күннен бастап екі жыл өткен соң ғана сақтандыру компаниясынан қайтадан Бірыңғай жинақтау зейнетақы қорына (бұдан әрі – БЖЗҚ) қайтаруға болады. Бұл ретте сақтандыру ұйымында өмір бойы ЕТК шамасының кемінде 70%-ын құрайтын айлық сақтандыру төлемін қамтамасыз ететін сома қалуға тиіс. Сақтанушы жүгінген күннен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде сақтандыру ұйымдары қайтарылуға тиіс ақша сомасын БЖЗҚ-ға аударуға міндетті.

Осылайша, егер салымшы өзінің барлық зейнетақы жинағын БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударса, онда көрсетілген талаптың арқасында ол қайта есептеу жүргізіп, сақтандыру аннуитеті бойынша төлемді азайта алады және қалдықты зейнетақы қорына қайтара алады.

Кепілдік берілген төлем кезеңінің болуы зейнетақы аннуитеті шартын жасасу кезінде назар аудару қажет болатын маңызды талап болып табылады. Әрине, кепілдік берілген кезеңді есептегенде бірлескен зейнетақы аннуитетінің құны қымбатырақ болады. Егер клиент кепілдік берілген кезең аяқталғанға дейін өмір сүрмесе, кепілдік берілген кезең аяқталғанға дейін төлемді әрі қарай шартта пайда алушы ретінде көрсетілген адам ала береді.

Зейнетақы аннуитеті ұзақ мерзімді жоспарлау үшін өте ыңғайлы. Зейнетке шыққанда қалай өмір сүретіні жайлы ойланатын және қосымша зейнетақы жинақтары бар кез келген азамат сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу арқылы өзіне кепілдік берілген кірістің қосымша көзін қамтамасыз ете алады. Зейнетақыны бір рет зейнетақы қорынан (зейнет жасына жеткеннен кейін) және сақтандыру ұйымынан алуға болады (55 жастан бастап). Бұл ретте егер БЖЗҚ зейнетақыны өзінде жиналған қаражат біткенге дейін ғана төлейтін болса, онда сақтандыру ұйымы сақтандыру төлемдерін өмір бойы төлеуге міндетті болады.

Сақтандырушылардың қызметі және сақтандыру өнімдері туралы ақпарат реттеушінің және сақтандыру ұйымдарының өздерінің ресми интернет-ресурсында қолжетімді болады.

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕНІҢ ТІЛІМ

# МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ - ТІЛ



Тіл - мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті.

Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып саналады. Қазақ тілі - әлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тілдердің бірі. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі. Амал не, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақ қылатын кез болды. Бүгінде де кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемеуі - қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтермеуіміздің қатерлі дерті болып табылады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағын да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке орай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық.

Тіл - тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз - тәуелсіздік, егемендіксіз - тіл болмақ емес. Тіл - тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жарияланды. Иә, Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы - біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз - қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ.

Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі - оның ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін емес. «Тіл туралы» Заңның 4 бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті, өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті», - делінген. Мемлекеттің саясаты - тіл саясаты қағидасын тәжірибеге берік ендіру, алға басуға ұмтылу. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейміз.

**Ажар ЖАРЫЛҚАСЫМОВА,**
**Солтүстік Қазақстан облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы- сот отырысының хатшысы.**

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

# 2024 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНАН БАСТАП ХҚКО-ЛАРДА НЕГІЗГІ ҚҰЖАТТАРДЫ АЛҒАН КЕЗДЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАЖДАР ӨЗГЕРЕДІ

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 1 АЕК - 3 мың 692 теңгені құрайды, ол мемлекеттік баж мөлшерімен тікелей байланысты.

Осыған байланысты Салық кодексіне сәйкес жеке басын куәландыратын құжатты бергені үшін мемлекеттік баж мөлшері 0,2 АЕК, яғни 738,4 теңгені құрайды.

Келесі көлемдегі Қазақстан Республикасы азаматының паспорты:

- 24 бет - 14 мың 768 теңге (4 АЕК) – 16 жасқа дейінгі балалар үшін;
- 36 бет -29 мың 536 теңге (8 АЕК)
- 48 бет-44 мың 304 теңге (12 АЕК).

ҚР азаматының **бір жыл ішінде екі реттен артық жоғалуымен** жеке куәлігі - 3 мың 692 теңге (1 АЕК)

Паспорт пен жеке куәлікті беру мерзімі өтініш берілген сәттен бастап 15 жұмыс күнінен аспайды, бірақ процесті ақылы түрде 1 жұмыс күніне дейін жеделдету мүмкіндігімен. Петропавл қаласында жеделдету 3 күн – 4983 теңге, 5 күн - 2752 теңге.

Облыс аудандарында 7 күн - 1116 теңге. Жарамдылық мерзімі - 10 жыл, содан кейін ауыстыру қажет.

Жүргізуші куәлігі 1,25 АЕК-4 615 теңге.

**Мемлекеттік баж төлеуден азаматтардың келесі санаттары босатылғанын атап өткім келеді:**

- Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ері;
- үш дәрежелі Даңқ және үш дәрежелі Еңбек Даңқы, "Алтын Қыран", "Отан" ордендерімен марапатталған, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек Ері" атақтарымен марапатталған адамдар;
- "Батыр Ана" атағына ие болған, "Алтын алқа", "Күміс алқа"алқаларымен марапатталған көп балалы аналар;
- Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша ҰОС ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, ҰОС жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырға дейін кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет еткен) адамдар және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР



Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмағандар;
- мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ ата-аналарының бірі бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар бала; қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде тұратын қарттар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық мемлекеттік қамтамасыз етудегі, балалар үйлерінде немесе интернаттарда тұратын балалар;
- Чернобыль апатынан зардап шеккен азаматтар.

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ СҚО бойынша баспасөз қызметі.**

ПОЛИЦИЯ ХАБАРЛАЙДЫ

# НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ – АЛАЯҚТАР!




Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары мен қонақтары! Соңғы уақытта облыс аумағында түрлі алаяқтық фактілері жиілеп кетті.

Сенімге негізделген алаяқтықтың танымал әдістерінің бірі – электронды хабарландыру тақталары мен интернет-аукциондарда тауарларды сату туралы жарнамаларды орналастыру. Әдетте, алаяқтар өз құрбандарын төмен бағамен және тиімді ұсыныстармен қызықтырады және ақшаны электронды әмиянға аудару арқылы алдын-ала төлем аударуды талап етеді.

Мұнда сақтық көмектеседі. Жарнаманы мұқият оқып шығыңыз, оны орналастырған адам туралы ақпаратты қараңыз. Егер сауда алаңында сатушылардың рейтинг жүйесі болса, басқа сатып алушылар қалдырған пікірлерді қарап шығыңыз, алайда қылмыскерлер қосымша тіркеулік жазбаларды қолдана отырып, өздері туралы оң пікірлер қалдыра алатынын ұмытпаңыз. Интернет-іздеуді пайдаланыңыз. Кейде мәліметтердің ақшаны ұрлау және клиенттерді алдау мақсатында пайдаланылғанын білу үшін іздеу формасына телефон нөмірін немесе сатушының желілік лақап атын енгізу жеткілікті.

Ұқсас тауарлардың орташа құнын қараңыз. Тым төмен баға сізге күдік тудыруы керек. Егер сатушы сатып алынған тауар үшін электронды шотқа толық немесе жартылай алдын-ала төлем жасауды талап етсе, бейтаныс адамға сенуге қаншалықты дайын екеніңізді ойлаңыз. Анонимді төлем жүйелері арқылы бейтаныс тұлғаларға ақша аудару арқылы, егер мәміле жасалмаса, оларды қайтаруға кепілдік жоқ екенін ұмытпаңыз.

**Мағжан Жұмабаев ауданының ПБ криминалдық полиция бөлімі.**

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

# ҮЕҰ ДЕРЕКҚОРЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ




«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41 бабындағы 5 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында әрекет ететін коммерциялық емес ұйымдар **жыл сайын 31 наурызға дейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне ұйымның қызметі туралы қазақ және орыс тілдерде** Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі № 402 «ҚР Мәдениет және спорт министрінің 19.02.2016 ж. № 51 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» «Үкіметтік емес ұйымдардың өз қызметі жөніндегі мәліметтерді ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өз мәлеметтерін толтыру қажет.

**Ақпаратты келесі сілтеме бойынша табуға болады:**

*https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-sayasat/press/article/details/34927?lang=ru*

*https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-sayasat/press/article/details/27588?lang=ru*

**Ақпаратты ұсынылмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы ӘҚБК-нің 489-1 бабына сәйкес үкіметтік емес ұйымдар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.**

Анықтама телефондары: 8-7152-46-95-17, 49-02-12, 46-14-58, 50-01-62.

Петропавл қаласының әкімдігі Қазақстан Конституциясы көшесі, 23 үй, 408 бөлме. «Петропавл қаласы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі» КММ.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58 үй, 4 қабат, 402, 408 бөлмелер. СҚО Ішкі саясат басқармасы, қоғамдық даму басқармасы.

# 2024 ЖЫЛДЫҢ 1-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы жер қатынастары бөлімінің басшысы - Сәрсенов Алмас Мәулітұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел. 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.

Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округінің әкімі - Жүсіпов Жәлел Қыздарбекұлы әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Успенка ауылы, тел. 2-51-21.

Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округінің әкімі - Есжанов Мақсат Қайратұлы сәрсенбі, жұма күндері сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Октябрьское ауылы, тел. 2-63-36.

Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округінің әкімі - Форш Валерий Яковлевич апта сайын сәрсенбі, жұма күндері сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Советское селосы, тел. 3-66-12.

# СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

**Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы органдарының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефоны бойынша ақпараттандыру қажет:**

«Мағжан Жұмабаев ауданының жер қатынастары бөлімі» КММ - **8(71531) 2-08-33, 2-04-22, 2-03-75.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Успенка ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 2-51-21.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Аққайың ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **2-63-36.**

«Мағжан Жұмабаев ауданы Алтын дән ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ - **8(71531) 3-66-12.**

Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вести» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.
Тел: 2- 17- 49.
Басылым индексі 65360
e- mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады

«Magjan juldyzy» газеті редакцияда терілін беттелді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петропавл қ., Кошуков к-сі, 5 үй). Таралымы - 810

Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395- Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2- 17- 80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады